

### **3-МОДУЛЬ. ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІНДЕГІ ТАЙПАЛЫҚ ОДАҚТАР ЖӘНЕ ЕРТЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМДАР**

**1. 12 тақырып. Үйсіндер, қоныстану аймағы, әскери-саяси құрылымы, шаруашылығы, археологиялық ескерткіштері.**

**2. Лекцияның мақсаты мен міндеттері:** Үйсін тайпалар одағының территориясы, әскери-саяси ұйымдасуы, шаруашылығы, қоғамдық құрылысы туралы талдау жасау.

**3. Лекция мазмұны:** Үйсін мемлекеті - б.з.д. 3 ғасырда Қазақстанды мекендеген тайпаларда мемлекеттіктің алғашқы белгілері болды. Бұлар сақтардың этномәдени мұрагерлері үйсіндер болатын. Қазақ мемлекеттігінің тағы бір қайнар көзі "үйсіндер" мемлекеті болып есептеледі. Үйсіндерде ежелгі өркениетке тән дамудың барлық белгілері байқалды. Бұл қалыпты даму белгілеріне мемлекеттік билік жүйесін, жазудың болғандығын, тұрақты әскерді, елшілік жоралғыларын және т.б. жатқызуға болады. Сақ дәуірінде болған малға, еңбек құралдарына және тұрмыс бұйымдарына деген жеке меншік үйсіндерде де кең қанат жайды. Қоғамның билеуші және бағынышты топтарға бөлінуі мейлінше айқын байқалды. Қоғам — ру ақсүйектері мен тәуелді ұсақ өндірушілер, жартылай тәуелді құлдарға бөлінді. Жерді жеке иеленумен қатар иерархиялық иелену түрі де дамыды (рулық, тайпалық, қауымдық). Ежелгі үйсіндерде әлеуметтік-экономикалық қатынастар өтпелі кезеңге тән сипатта болды. Дамудың мұндай ерекше түрінің болу себебі экономикалық құрылысқа байланысты. Жартылай көшпелі және жартылай отырықшы үйсін қоғамында өндірістің екі негізгі түрі болды: мал және жер. Мал түріндегі байлықтың жиналуы, мал-мүлік, жиһазға жеке меншіктің, тауар алмасудың дамуына әкелді. Әйтсе де көшпелі қоғам ерекшелігіне сай — әлеуметтік қатынастар аса ірі және шағын дәулетті мал иелерінің жеке меншік қатынастары түрінде дамыды. Рулық құрылыстың ыдырауы барысында туындаған таптық қатынастар құлиеленушілік сипатқа ие болды. Дегенмен ежелгі үйсін қоғамында құлдың еңбегін пайдалану өзіндік ерекше түрде дамыды; яғни, құл еңбегі өндірістің негізгі тірегіне айналған жоқ, ал құл иелену классикалық түрге жете алмады. Жазбаша және археологиялық деректерден ежелгі үйсін қоғамында б.з.д. II-І ғасырлардың өзінде-ақ жекелеген адамдардың қолында байлықтың шоғырланғандығы байқалды. Қытай деректерінде: "Үйсіндерде жылқы көп. Олардың ең бай адамдарында төрт-бес мың жылқы болады", - деп көрсетілген. Демек, малы көп дәулеттілер болса, малы аз немесе жоқ кедейлер тобының да болғандығы даусыз. Сонымен қатар үй малдарына салынған таңбалар, металдан, тастан және қыштан жасалған мөрлер де жеке меншіктің пайда болғандығын көрсетеді. Ертедегі жылнамашылардың

мәліметіне қарағанда, үйсіндердің кейбір әскербасылары мен шенеуніктерінде, күнби сарайы жанындағы тағы да басқа лауазымды адамдардың алтын және мыс мөрлері болған.

**Үйсіндер** – Қазақстан территориясындағы ертедегі алғашқы таптық бірлестіктердің бірі. Қазақстан өңірінде өмір сүрген байырғы мемлекеттердің бірі. Б.з. ҮІІІ ғасырдағы жазушылардың Бесбалықты «үйсін князінің шекарасы» деп атағанына сенетін болсақ, онда үйсіндердің шығыс шеттері біраз уақыт бойы Бесбалық маңында болды деген тоқтамға келген жөн. Батыста үйсіндердің шекарасы Шу және Талас өзендері арқылы өтіп, Қаратаудың шығыс бөктерлеріне дейін созылып жатса керек. «Үйсін» атауы ең алғаш қытай жылнамаларында хатталған. Мұнда үйсін бір ел ретінде алғаш аталған. Онда «үйсін» қытайша жазылып, ең алғашқы орысша аудармасы «усунь» болып транскрипцияланған. Содан отандық қазақ тіліндегі тарихи әдебиеттерге ол этноним «Уйсун» болып енді. Бірақ қытай деректерін тікелей пайдаланушылар бұл атауды қазақ тілінің ерекшелігі бойынша транскрипциялап «үйсін» деп қолданып келеді. Сонымен отандық тарих ғылымы саласында атауды қазақша қалай жазу төңірегінде пікірталас орын алып келді.

**Арғы тегі.** Әлемдік тарих ғылымында үйсіндердің этнотүрі жөнінде түрлі көзқарас айтылып келеді. Біріншісі, үйсіндер - хұндар типтес этнос дейтін көзқарас. Осы көзқарасты ұстанушылар - қытай тарихшылары қытай жылнамаларындағы «үйсіндер хұндармен салтас (ғұрып-әдеті ұқсас)» деген деректерді негізге алған; екіншісі, үйсіндер түркілер типіне жатады дейтін көзқарас. Бұл тұжырымды ұстанушылар Ресей ғалымы В.В. Радлов, Жапон тарихшылары Широ Тори, Хана Тору және басқалар. Олар қытай деректерінде хатталған үйсіндер мен түркілер туралы аңыздардағы көк бөрі әңгімесінің ұқсастығын және үйсін патшасының (ваңының) аттарының соңына «күн би» («күн мо», «күн ми»), ақсүйектерінің есімінің артына жалғанған «ми» - «би» сияқты түркі тіліндегі тіркестерді алға тартады; үшінші, үйсіндер шығыс ирандықтардың бір тармағы болуы мүмкін деген А.Н. Бернштам бастаған ғалымдардың болжамы.

XX ғасырдың 50-жылдарынан бастап Кеңес Одағы археологтары бұл жорамалды ғылыми ұстаным ретінде қабылдады. XX ғасырдың 80-жылдарынан бері қытай тарихшысы Вэй Тайшань үйсінді, тіпті Қытайдың Батыс өңірінде өмір сүрген ертедегі этностардың барлығын (хұндардан басқа) шығысеуропалық түріне жатады деген пікірін, көзқарасын көлденең тартумен келеді. Біздің зерттеуімізше, жоғарыда келтірілген бірінші, екінші көзқарас іс жүзінде бір көзқарас болып саналады. Себебі қытай жылнамаларында түркілерді - ғұндардың ұрпағы деп пайымдаған деректер көп кездеседі. Сондай-ақ олардың этникалық жақындықтарын және дүниетанымы мен

тұрмыстық салт-сана ұқсастығын айғақтайтын жазба деректер де мол. Сондықтан оларды тарихтан мәлім болған уақыты бойынша айтатын болсақ, ғұн - үйсін - түркілер бір типтес этностар болып саналады. Ал үйсіндерді шығыс ирандықтар немесе шығыс еуропалықтар дейтін көзқарастағылар сақтар деп санайды. Қалай дегенмен, үйсіндерді шығыс ирандықтар деуге дәйек болатын тарихи дерек жоқ, керісінше, үйсіндерді ғұндармен біртектес деуге айғақ болатын, этногенездік, географиялық, дүниетанымдық және тұрмыстіршіліктік ұқсастығын дәлелдейтін жазба деректер өте көп кездеседі. Үйсіндер - ғұн тектес немесе түркі тектес этникалық топ. Ал үйсіндер алғаш қайда болды, ел, жұрт ретінде аталуы қайдан бастау алады деген сауалға тек археологиялық заттық материалдар және Қытай жазба деректері ғана жауап бере алады. Қазірде бұл деректердің кейбір жаңылыс тұстары анықталып, үйсіндер Тянь-Шань тауының шығысы – қазіргі Шынжаңның шығысындағы Баркөл (қазіргі Баркөл қазақ автономиялы ауданы), Кумыл (Хами), Жемсар ауданынан Үрімжінің батысындағы Манас ауданы өңірінде алғаш ел болып өмір сүргені дәлелденді. Бұл тұжырымның нақтылығын Тянь-Шань тауының шығыс өңірлерінен табылған археологиялық қазба деректері айқындап отыр. Үйсіндер Шығыс Тянь-Шань өңірінен батысқа - Іле аңғарына қашан және не себептен ауып келгені туралы мәселе жөнінде де зерттеушілердің көзқарастары біркелкі емес. Үйсіндердің батысқа ауған жылы туралы бес түрлі уақыт көрсетіледі, соның ішінде б.з.д. 161 - 160 жылдар деген көзқарасты қытайлық археологтар Ваң Миңжы мен Ваң Бинхуа ұсынса, тарихшы Шын Шыляң және жапондық Хана Тору б.з.д. 130-жылдары деген пікірді қуаттайды. Әрине, әрқайсысының өзіндік уәждері бар. Ғалымдар осының бәрін парықтай келіп, үйсіндер б.з.д. II ғасырдың орта шенінде Іле, Жетісу өңіріне келіп орын тепті деген тоқтамға келіп отыр. Ал үйсіндердің Іле өңіріне ауа қоныстану себебін - ұлы ружылардан ата кегін қайтару дегеннен гөрі, хұндарға бағыныштылықтан құтылып, жеке-дара ел болуды көздеген қадамы десе, тарихи шындыққа біршама жақын келетін сияқты. Б.з.д. II ғасырдың орта шенінде үйсіндер Шығыс Тянь-Шань өңірінен батысқа ауып, Іле, Жетісу өңірінде тұрақтаған ұлы ружыларды ығыстырып, мұнда Үйсін мемлекетін қайта құрды. Үйсіндер өздерінің құрамына ұлы ружылар мен сақ бөлімдерін қосып алу арқылы жан саны көбейіп, жері кеңейіп, елі күшейе түседі. Осы оқиғадан ондаған жыл өткен соң, Орталық Азияға келіп барлау жүргізген Қытай дипломаты Жаң Чиян Үйсін елі - «Батыс өңірдегі ең күшті мемлекет», – деп жазған. Саяси тарихы. Үйсіндер Шығыс Тянь-Шань тауы өңірінде тұрған бастапқы кезеңде шағын ел болыпты. Ал олар Іле - Жетісу өңірінде өз мемлекетін қайта құрғаннан кейін, ел тәуелсіздігін сақтау үшін екі түрлі пәрменді шара қолданды. Оның бірі елдің жан санын көбейтіп, шаруашылықты дамытып, елдің күш-қуатын арттыру болды. Сол

үшін олар сақтардан және ұлы ружылардан мұнда қалған руларды мал-жанымен өздеріне қосып алды, екіншіден, хұндарға тәуелді емес екендігінің белгісі ретінде жыл сайын «хұн тәңірқұтына тағзым етіп барып тұру» міндетінен бас тартады. Бұл «бассыздықтың» жолын кесу үшін хұндар үйсіндерге қарсы өзінің жазалаушы әскерілерін аттандырады. Бірақ жеңіске жете алмай, ақыры олардың елдігін мойындауға мәжбүр болады. Территориясы. Осы кезден бастап Үйсін мемлекетінің күш-қуаты арта түседі. Бұл туралы Қытай жазбаларында: «У сүн го - Үйсін мемлекетінің бас күнбиі (да кун ми) Чыгучың қаласында тұрады. Ол жер Шан-Аньнан (ШанАнь - Хань патшалығының астанасы) 8 мың 900 ли (шақырым) қашықтықта. Түгін саны 120 мың, жан саны 630 мың, жеңімпаз әскер саны 188 мың 800 адам. Чян елінің әкімшілік билігі уәзір, далу, солқанат, оңқанат сардарлар екі адам, ябғу үш адам, дажян - бас қолбасшы, дуүй (қол бастаушы), дажян - бас бақылаушы екі адам, дали - үлкен ұлық бір адам, орда ұлығы екі адам, шижүн - атты мырза - атқосшы бір адамнан құралады», – деп жазған. Аталған деректер б.з.д. II ғасырдың орта шенінде үйсіндер толыққанды мемлекет болып қалыптасқандығын аңғартады. Үйсін мемлекетінің негізгі аумағы мен билігіндегі ел, жер көлемі, шекарасы жөнінде жазылған жеткілікті деректер бар. Профессор Су Бэйхай: «Екі Хань патшалығы кезінде (б.з.д 206 - б.з. 220 жж.) Үйсін елі Іле өзені аңғарында болғаны анық. Олардың жерінің шығысы Манас өзеніне тіреледі; солтүстігі Тарбағатай тауын бөктерлеп, батысқа қарай созылып, Балқашқа дейін барады; батысы Балқаш көлінен оңтүстікке беттеп, Шу өзенінен өтіп, Талас өзенінің ортанғы ағысына барып, одан шығысқа қарай созылып, Нарын өзені, Қызылсу өзенінің басына дейін жетеді. «Көне таңнама» және «Жаңа таңнама» тарихындағы Батыс түрік тарауларында осы өңірлерді үйсіндердің байырғы жері деп атаған» дейді. Н.А. Аристов: Үйсіндердің аумағы туралы мынадай қорытындыға келеміз - француз Дегиннің анықтауы бойынша, үйсіндердің аумағы Іле өзені, Ертіс бойынан Сайрам қаласына дейін орналасқан, Рихтхофеннің «Балқаш, Іле, Ыстық қол де үйсіндердің мекені деп есептеледі» деген түйіні Қытай деректерімен сай келеді.

**Астанасы.** Үйсін елінің астанасының аты ең алғаш қытай тілінде Чыгу чың (орысша Чигу) деп жазылған. Чы - қызыл, гу - сай, аңғар, чың - қала - қорған деген мағынаны білдіреді. Осы қаланың орны жөнінде әртүрлі пікірлер айтылып келеді. Қазақстан тарихында: «Үйсін иеліктерінің орталығы – Қызылаңғар қаласы Ыстықкөл мен Іле өзенінің оңтүстік жағалауы аңғарында орналасты», – делінеді. Ал Қытай тарихшылары Мың Фарін және Ваң Минжы қатарлылар Чыгучың қаласынын орыны Текес өзенінің аңғарында болған дейді. Олар бұл көзқарастарының дұрыстығын «Ханьнамада» жазылған қашықтық санын есептеумен бірге, Текес өзені бойындағы Шаты, Сарбұлақ, Шолақтерек, Қарадала ауылдарында орналасқан үйсіндердің үлкен

кабірлерінің шоғырлы болуын, оның ішінде аумағы 200 шаршы метр, биіктігі 6-7 м келетін аса ірі молаларды үйсін ақсүйектерінің, тіпті үйсін патшаларының молалары дегенді алға тартады. Профессор Су Бэйхай: «Үйсіндердің астанасы екі жерде болған. Ыстықкөлдің шығысөңтүстігіндегі Чыгучың – үйсіндердің қысқы астанасы, Текес өзенінің шығыс аңғары үйсіндердің жазғы ордасы болған», – дейді. Біз соңғы пікірді қисынды деп санаймыз. Үйсін астанасы - Чыгучың - Қызыланғар қаласы бұрын сақтардың бас қаласының бірі болғанына қарағанда қала мұнда үйсіндер келгеннен әлдеқайда бұрын салынған болуы ықтимал.

**Үйсін қоғамы** – патриархалдық көшпенді-күлдық қоғам сипатында болған. Үйсіндердің жорықта барымталап әкелген адамдарды, әсіресе, балаларды күл етіп пайдалануына қарағанда, әлеуметтік байлық аз ғана билеушілердің қолына жинақталса керек. «Ханьнама. Батыс өңір тарауында»: «Елінде жылқы мол, байларында төрт, бес мың бастан бар», – деп жазылған. Үйсін мемлекетінің әлеуметтік басқару жүйесі 9 сатылы болған. Бас билеушісі – «күнби» деп аталады. Бұл лауазым қытай тілінде «күн мо» және «күн ми» болып жазылған. Жоғарыда келтіргеніміздей, үйсіндердің арғы тегі өздерін Күн әулетіміз, яғни күннен жаралғандармыз деп танығандықтан, қытайлар тарапынан «күн биі» – күн бұратаналары болып аталған. Ерте замандағы халықтар Тәңірге, аспан мен жерге табынатынды. Сондықтан олар, әсіресе, олардың ел билеушілері өздерін тылсым, қасиетті етіп көрсету үшін өздерін Тәңірмен, көкпен байланыстырады. Қытайлар мен хұндар өздерінің ең жоғарғы билеушісін «көктің ұлы», «тәңірқұт» деп қастерлеп жатқан заманда үйсіндер өздерінің елбасын «күнби» деп, олармен тең мәртебеге қоюын олардың өз елбасына Күн сияқты құдіретті, мәңгілік – абсолютты билеуші деген мән беруі деп түсінген жөн. Сондықтан үйсін елінде шексіз биліктің иесі, ең жоғарғы билеуші елбасы – күнби болған. Ал күнби билігі мұрагерлік жолмен әкеден балаға жалғасып отырды. Күнбилік таққа күнбидің бәйбішесінен туған тұңғыш ұлы отыратын тәртіп қалыптасқан. Үйсін елінің екінші дәрежелі билеушісі «далу», яғни «дулу» – «дұғылы» деп аталды. Ол – үйсін мемлекетінің бас уәзірлік немесе әкімшілік басқару міндетін атқарушы. Бұл орынға тек бір адам тағайындалады. Бұл міндетті күнбидің екінші ұлы атқарады. «Ханьнама. Батыс өңір тарауында»: «Күнбидің тұңғыш ұлы - ханзада, екінші ұлы – далу» деп жазылуы осыған дәлел. Үшінші орындағы билеуші солқанат, оңқанат сардарлар (зо, ю дажян). Бұл орынға бірден екі адам тағайындалады. Үйсіндер сол жақты қадір тұтқандықтан, солқанат сардардың дәрежесі оңқанаттан жоғары болған. Бұл мансапқа күнбидің балалары тағайындалады. Үлкен ұлы солқанат сардар, кіші ұлы оңқанат сардар болған. Олар үйсін елінің жасақтарын басқарады. Төртінші орындағы билеуші - ябгу. Бұлар – ел ішіндегі ірі рулардың басшылары, яғни жергілікті әскери-әкімшілік

билеушілер. Үйсін елінде осындай мансапта үш адам болған. Олар өз қол астындағы рулардың саяси- әскери және әлеуметтік-шаруашылық ісін басқарған. Бесінші орындағы билеуші - дадувэй (дарту). Ол солқанат және оңқанат дарту деп аталады. Бұлардың атқаратын міндеті: «Қытайдың Чин патшалығы тұсындағы вей вэйге (орда күзетшісіне) ұқсас болған. Үйсіндердің бас ордасын қорғау міндеті солқанат және оңқанат дадувэйлерге (дартулар) жүктелген». Алтыншы орындағы мансап - дажян (бас бақылаушы). Бұл мансапқа екі адам тағайындалған. Дажян немесе бас бақылаушының міндеті үйсін заңдарының атқарылуын қадағалау болған. Жетінші орындағы мансап - дали (бас әкімшілік ісін басқарушы). Оған бір адам тағайындалған және оның міндеті ордадағы күнделікті істерді басқару болған. Сегізінші орындағы мансап - Шыжұң дали (сарай бегі). Бұған екі адам тағайындалған. Бұлардың міндеті үлкен ұлықтың тапсырмасы бойынша жоғары мансаптыларға даяшылық көрсету.

Тоғызыншы мансап - йіжаң (тілмәш бегі немесе бітікші). Оның міндеті сырт елдермен арақатынас ісін басқару. Үйсін мемлекетінің осындай құрылымынан олардың әлеуметтік басқару жүйесі біршама толық қалыптасқандығын және сол кездегі ел басқарудағы өркениетінің биік болғандығын көрсетеді. Үйсін еліндегі әскери және әкімшілік билік бір тұлғаланған. Сондықтан олардың мансап-лауазымдары, негізінен, әскери жүйе бойынша құрылған. Бірақ үйсін елінде мемлекеттік маңызды істерді ақсүйектер кеңесі ақылдасып шешіп отырған. Ол шешімдер заң ретінде атқарылуға тиісті болған. Үйсін елінде заң жарлықтарының орындалуын қадағалайтын арнаулы бас бақылаушы қызмет атқарғанына қарағанда, үйсін мемлекеттік билігінде өзара бақылау механизмі біршама шындала түскендігін байқатады. Үйсін күнбиі алғашқы кезде елді біртұтас басқару тәртіп ережесін қолданды. Бірақ кейін келе, олар өздерінің әкімшілік аумағының кеңеюіне байланысты елін үш әкімшілік аймаққа (жүзге) бөліп басқару жүйесін қолданды. Қытай деректерінде «елі үшке бөлінген, бірақ жалпы жағдайда бәрі күнбиге бағынады» дегені – үйсіндерде әскери-әкімшілік және аумақтық үш жүздік құрылымның болғандығын аңғартады. Демек, белгілі бір аймақты билеген ханзадалар немесе кіші күнбилер елдің біртұтастығын сақтап, үлкен күнбиге бағынған. Бірақ кейін келе, күнби мұрагерлері ішінде қытай жиендері мен хун жиендері арасындағы бақталастық күресінің шиеленісуі және басқа себептердің салдарынан үйсін мемлекетінің қоғамдық басқару жүйесі үштіктен екілікке өзгеріп, ақыры үйсін мемлекетінің ыдырауына апарып соқтырады. Бір көңіл бөлетін жай, халықтың көбінде қарудың болмауы. Қарулы халықтың орнына ұлы және кіші күнмолардың 30 мың атты әскерге дейін жететін жасақтары пайда болды. Олар сыртқы соғыстарға ғана емес, сонымен қатар халық толқулары тұсында да күнмолардың қорғаушы және олардың билік жүргізуінің тірегі болды. Саяси тарихы. Б.з.д. II

ғасырдың алғашқы жартысында үлкен Азия құрлығындағы геосаяси жағдайда елеулі өзгерістер орын алды. Бұл кезде Қытайдың Хань патшалығы әбден дамып, күшейіп, кемеліне келді.

Сонымен, олар өздерінің Хүн империясымен алғаш келісіп, б.з.д. 198 жылы күшіне енген: «1) Хань патшалығы бір ханшасын тәңірқұтқа қалыңдыққа береді; 2) Хань патшалығы бір жыл ішінде бірнеше мәрте хұндарға арнап белгіленген мөлшерде жібек мата, арақ, күріш және басқа дәнді дақылдардан тұратын сый-сияпат апарып тұрады; 3) Қытай мен Хүн - бауырлас мемлекеттер, дәрежелері тең; 4) екі жақ та Ұлы қорғанды шекара етіп, одан әрі-бері өтіп қатерлі әрекеттер жасамайды» деген бітім-шартын бір жақты бұзып, Ұлы қорғанның солтүстік батысын иеленіп жатқан Хүн империясын түбегейлі жойып, батыс жаққа қарай ірге кеңейтудің жолын қарастырады. Хань патшалығы императорының есіне ұлы ружылардың бір кезде хұндармен жауласқандығы түсіп, хұндарға қарсы одақ құру үшін б.з.д. 138 жылы Амударияның бойында жатқан Бактрия еліне Жаң Чиянды елшілікке жібереді. Жаң Чиян бастаған Қытайдың жүзден аса адамнан тұратын өкілдері жолда хұндарға қолды болып, он жыл бөгеледі. Бірақ Жаң Чиян қапысын тауып хұндардан қашып шығып, Ферғана арқылы ұлы ружыларға барады. Ол кезде Бактрия халқын басқарып, өркен жайып, толықсып тұрған ұлы ружылар өздерінің хұндарда кеткен «ата тегін» әлдеқашан ұмытқан еді. Сондықтан олар қытай елшісінің шығысқа қайта көшіп барып, бізбен одақтасып, хұндардың ту сыртынан шабуыл жасаңдар деген ұсынысын қабылдамайды. Қытай елшісі Жаң Чиян өзінің негізгі міндетін орындай алмағанымен, ол осы сапарында аса маңызды ақпарат жинады, яғни Орталық Азиядағы елдердің жай-жапсарын әбден барлап қайтты. Жаң Чиян Хань патшалығының императоры Хань Удиге берген мәліметінде: «... бұратаналар атамекенін сағынғыш келеді. Оның үстіне олар Хань патшалығының заттарына ашкөз келеді. Сондықтан үйсіндерге қыруар тарту-таралғы сыйлап, оларды шығыстағы атамекеніне көшіріп әкеліп қоныстандырып, Хань патшалығының ханшасын беріп, олармен құдандалы болуға болады. Олардың қазіргі жағдайы осыған итермелеп отыр. Сөйте алсақ, хұндардың оң қанаты үзіледі. Үйсіндермен байланыс орнатылса, олардың батысындағы Бактрияға тәуелді елдердің барлығын сізге бағынышты етуге болады», – деген ұсыныс айтқан. Хань Уди осы ұсынысты қуана қабылдап, б.з.д. 119 жылы Жаң Чиянның өзіне үш жүзден аса адамнан тұратын топты қосып беріп, қыруар дүние-мүлкімен үйсін елімен байланыс жасау үшін аттандырды. Жаң Чиян үйсін еліне келіп, күнбиге мол тарту-таралғы ұсынып, оған халқын бастап шығыстағы ескі жұртына қайта барып қоныстанып, Хань патшалығымен бауырласып, хұндарға қарсы бірлесе шабуыл жасауға шақырады. Үйсін күнбиі Елжауби (Неба) Қытай елшісінің бұл ұсынысын қабылдамайды. Бірақ

Жаң Чиянға бірнеше ат тарту етіп, оларға өзінің елшісін қосып, Қытай елінің жай-күйін көріп-біліп келуге жұмсайды. Хань патшалығы үйсін күнбиін өзінің айтқандарына көндіре алмаған соң, оларға дипломатиялық қысым жасау әдісін қолданады. Содан соң Хань патшалығы Орталық Азиядағы елдерге дүркін-дүркін елші жіберіп, қомақты тарту-таралғы сыйлау арқылы үйсіндерді басқалардан оқшауландырады. Ал хұндар үйсіндерді Хань патшалығымен байланыс жасадың деп айыптап, оларға қарсы жазалау жорығына суыт дайындалады. Сөйтіп, үйсіндерге хұндардан қауіп төнді. Олар ендігі жерде өздерін хұндар шабуылынан аман сақтап қалу үшін Қытаймен жақындасуға мәжбүр болады. Сонымен, Елжауби Хань патшалығына елші жіберіп, сәйгүліктер тарту етіп, олардың қыздарына құда түсе бастайды. Хань патшалығының көптен күткені де осы еді, олар бірден келісімін береді. Сөйтіп, үйсіндер мен Қытайдың Хань патшалығы арасында тікелей саяси құдандалық байланыс орнайды. Бұл оқиға үйсіндердің сыртқы қатынасына айтарлықтай әсер етті. Қытай мен үйсіндердің жақындасуынан қауіптенген хұндар енді үйсіндерге қолданбақ болған жазалау жорығын тоқтатып, олармен құдалық арқылы саяси байланыс орнатуды жөн көрді. Іле-шала хұндар да үйсін күнбиіне бір ханшасын ұзатады. Үйсін күнбиі Жөнші би хұн қызын өзінің сол тізесін басқан ханымы, ал қытай қызын оң тізесін басқан ханымы деп белгілеп, сол арқылы өзінің әлі де болса хұндарды жақын көретінін, оларды құрмет тұтатынын білдіреді. Сонымен қатар, ол Хань патшалығы ханшасын өзі алмай, оны тұңғыш немересі Женшіге қосады. Оған келіспеген Шижүн ханша еліне хат жолдап, жауап күтеді. Император Лю Ше оған қайтарған жауабына «Сол елдің әдеттұрпына бойұсынып, үйсіндермен бірлесіп хұндарды жоятын бол» деген әскери-саяси тапсырыс береді. Б.з.д. 119-118 жылдары үйсін елінде болып қайтқан Қытай елшісі Жаң Чиянның өз көзімен көрген жағдайды жазғанына қарағанда, ол кезде «Күнбидің неше ұлының ішіндегі күш-қуаты мықтысы, ел басқаруға шебері екінші ұлы - Далу екен. Ол өзіне бағынышты ел-жұртымен он мыңнан аса қол ұстап, бөлек тұрады екен. Күнби Жөншіге де он мыңнан аса әскер беріп бөлек отырғызған. Күнби өзі де он мыңнан аса қол ұстап, қорғаныста сақ отырады. Сөйтіп, үйсін елі үшке бөлінгенімен бәрі де күнбиге бағынады» екен. Бірқатар иеліктер немесе тайпалар үйсіндер билігінде немесе ықпалында болды деп топшылауға негіз бар. Мәселен, «хань үлкен үйінің тарихында» Усун «басқа да көптеген иеліктерді өзіне бағындарды» делінсе, ал «Давани туралы әңгімеде» – «көршілес шағын иеліктерге шабуыл жасады» делінген. Сөйтіп, үйсіндер «бағындырып алысымен өзінің вассалдарына айналдырады». Үйсіндер неке одақтарын жасау арқылы басқа мемлекеттермен одақтастық қатынастар орнатты. Көршілес территориясында отырған кейбір билеушілер жау шабуыл жасаған кезде үйсіндерді пайдаланған. Үйсіндердің саяси ішкі хал-ахуалымен етене



жақын танысқан қытайлар б.з.д. I ғасырдың орта шенінен үйсіндерге өз ықпалын жасауға тырысып бақты. Хань патшалығы үйсін билеушілеріне мәртебелі лауазым, шеншекпені мен мөр таңба беріп, түрлі сый-сияпат ұсыну арқылы оларды өз ырықтарына көндіру әдісін қолданды. Ал үйсіндерге өз ықпалын жүргізе алмаған хұндар оларға қарсы күш қолдану әдісіне көшті. Осындай күрделі де шиеленісті сәтте үйсін күнбиі елін хұндар шабуылынан аман сақтап қалу үшін қытайлармен одақтасып, хұндарға қарсы шабуыл жасауға шешім қабылдады. Бұл Қытай шабуылдары салдарынан хұн державасының әлсірей бастаған тұсы болатын. Б.з.д. 73 жылы хұндарға қарсы батысынан үйсін күнбиі (қытай елшісі Чаң Хэйдың бақылауында) 50 мың әскерімен, шығысынан Хань патшалығының 150 мың әскері бірлесе шабуыл жасап, жеңіске қол жеткізеді. Осы жорықта үйсіндер хұндардың 40 мың адамын тұтқындап, 700 мың бас малын олжалайды. Осы жолғы ауыр жеңілістің себебін үйсіндерден көрген тәңірқұт сол жылы қыста «түмен атты әскерін бастап, үйсіндерге шабуыл жасап, бірер табыстарға қол жеткізгенімен, қайтқан жолында қалың қар жауып, бір күнде құрық бойы жауған қардан адам мен мал үсіп өліп, еліне оннан бірі ғана оралады.

**Ішкі талас.** Хұн империясының осылайша ыдырай бастауына байланысты енді Хань патшалығы үйсіндерге тікелей саяси ықпал жасауға көшеді. Б.з.д. I ғасырдың орта шенінде үйсін ақсүйектер кеңесі қытайлардың қарсылығына қарамастан, өздерінің шешімі бойынша, Жонші бидің хұн әйелінен туған Небиді күнби сайлайды. Ол үйсін елін б.з.д. 60 - 57 жылдары биледі. Осыдан соң Үйсін елінде күнбидің қытай ханшасынан туған ұлдары мен хұн ханшасынан тараған балалары арасында күнбилік таққа таласу күресі басталды. Әсілі, үйсіндердің мұрагерлік дәстүрі бойынша, күнбилік орынды бәйбішенің тұңғыш ұлы жалғастыруы керек. Олай болғанда, хұн қызы күнбидің сол тізесін басқан бірінші ханым (ол кезде үйсін, хұндар сол жақты қадір тұтатын-ды), ал қытай қызы күнбидің оң тізесін басқан ханым болғандықтан, дәрежесі одан төмен болуға тиісті еді. Бірақ қытайлар үйсін елін өзінің ықпалында ұстау үшін күнбилік таққа өздерінің жиендерін отырғызуға әрекет жасады. Қытайлар оған 50 мың қолмен шабуыл жасамақ пиғыл таныта отырып қысым жасап, оны күнбилік тағынан тайдырды. Қытайлар әскерлері Чыгучың қаласына келіп, үйсін жерін, елін екіге бөліп, Ужютуды (Уцзюту) кіші күнби, Қытай жиені Юангубиді үлкен күнби етіп тағайындады, үлкен күнбиге 60 мыңнан аса түтінді, кіші күнбиге 40 мыңнан аса түтінді меншіктеп береді. Елдің, жердің бөлінуі қашан да жақсылыққа апарған емес. Бір үйсін елінің үлкен, кіші күнбилері арасындағы қарамақайшылықтар күн өткен сайын күшейіп, екі күнби бірін-бірі қастандықпен өлтіруге дейін барды. Нәтижесінде екі жақ та бірдей әлсіреді. Б.з. I ғасырынан бастап үйсін елі ішкі

және сыртқы себептердің салдарынан қатты құлдырады. Хұндардың қарымта шабуылы үйсін елін тығырыққа тіреді. Сөйтіп, үйсіндер I ғасырдың соңғы жартысынан бастап өзінің мемлекеттік күш-қуатынан да, Орталық Азиядағы әлеуметтік ықпалынан да айырылды. Үйсін мемлекеті қай жылы жойылғандығы жөнінде жазылған нақтылы дерек жоқ. Тек үйсін елі VI ғасырға дейін сақталғандығы жөнінде жазылған кейбір мәліметтер кездеседі. «Соңғы ханьнама. Юан Анның өмірбаянында»: «...солтүстіктегі тәңірқұт Гің Гүйден жеңіліп, үйсіндерге қашып кетті», – деп жазылған. «Үш патшалық деректемесі» атты жылнамада: «Вэй патшалығы (220 – 265 жж. өмір сүрген) гүлденген кезде, Батыс өңірдегі елдердің барлығы келмегенімен, ондағы ірі мемлекеттер Күсан, Үдүн, Қаңлы, Үйсін, Сулы, Үйежы (Юэчжи), Пышан (Пишань) және Ғүз - Шы-шы (Атқы Каси, Чешы заний) сияқты Хань патшалығы кезіндегідей жыл сайын (патшаға) тарту-таралғы әкеліп тұрды», - делінгеніне қарағанда, III ғасырда үйсіндер әлі де Батыс өңірдегі белгілі елдердің санатында болған. Деректер үйсіндердің V ғасырда Орталық Азияда жеке ел-жұрт ретінде өмір сүргендігін аңғартады. Кемел Ақышев археологиялық материалдарға сүйене отырып, «сақ, үйсін тайпалары б.з.д. V - IV ғасырдан б.з. III - IV ғасырларына дейін Жетісу, Іле бойында тұрды», – деп тұжырымдады. Бесінші ғасырда жоужуандардың Орталық Азия елдеріне жасаған жорықтары үйсін мемлекетін әлсіретіп жіберді. Нәтижесінде, үйсін жұрты VI ғасырдың орта шенінде құрылған Түрік қағанатының құрамына енді. Қытай жылнамаларында «Батыс түріктің Шоро қағанының тұрақты тұратын жері жоқ, олар көбінесе үйсіндердің байырғы жерінде тұрады» дейді. Демек, б.з.д. II ғасырдың орта шенінде құрылған үйсін мемлекеті, өзінің даму, шарықтау кезеңдерін бастан өткізіп, б.з. I ғасырынан бастап ішкі-сыртқы себептердің салдарынан құлдырап, ақыры VI ғасырдың алғашқы жартысында мемлекет жойылды. Бірақ үйсін тұрғындары өз жерінде құрылған тегі бір Түрік қағанатына қосылып, Үйсін мемлекеттік үрдісі Батыс Түрік қағанаты арқылы одан әрі жалғасты.

**Әлеуметтік шаруашылығы.** Үйсіндердің шаруашылығының даму ерекшелігіне көбіне-көп Жетісудің географиялық жағдайы себеп болды. Мұндағы ерекшелік сол, «классикалық егіншілік» немесе көшпелі малшаруашылығы аудандарынан өзгеше мұнда мал шаруашылығы егіншілікпен ұштастырыла жүргізіледі, ал көшпелі тұрмыс салты жартылай отырықшылықпен ұштасты. Үйсін елінің әлеуметтік шаруашылық жағдайы олардың мемлекеттік билігінің күшеюі мен әлсіреуіне байланысты болды. Басқаша айтқанда, үйсін мемлекетінің билігі күшейген кезде әлеуметтік шаруашылығы да шарықтап дамып, ал билігі әлсіреген тұста кері кетті. Шаруашылықтың дамуына географиялық жағдайдың әсері басым болды. Үйсін

елінің негізгі мекені – Тянь-Шань тауының батыс сілемі, Іле өзенінің аңғары, Жетісу өлкесі мен Ыстықкөл атырабы сынды топырағы құнарлы, шөбі шүйгін, суы мол, ауа райы жағымды, мал өсіруге де, егістікке де қолайлы өңір. Сондықтан үйсін мемлекеті құрылысымен-ақ (б.з.д. II ғ. ортасында) олардың мал шаруашылығы бірден өркендеді. Мал шаруашылығы үйсін елінің әлеуметтік негізгі шаруашылығы болды. Тарихи деректерге жүгінсек, үйсіндер жылқы, қой, сиыр, түйе малын өсірген екен. Солардың ішінде жылқы мен қой - үйсіндердің негізгі түлігі болған. Қытайдың «Ханьнама. Батыс өңір тарауында»: «олардың елінде жылқы көп, байларында 4-5 мың бастан жылқы болады» деп жазылған дерегі және үйсін күнбиі қытай ханшасына «мың жылқы қалың мал бергендігі» олардың расында да жылқылы болғандығын көрсетеді. Үйсін жылқысы тек санымен ғана емес, сапасымен де әйгілі болған. Қытай елшісі алғаш үйсінге келгенде оған күнбидің сыйлаған тұлпары Қытай астанасына барғанда, Хань императоры жануарды көріп мынау нағыз «Тянь ма - Тәңір жылқысы» екен деп тандай қаққаны тарихтан мәлім. Жетісуда асыл тұқымды жүйрік аттар өсірген, көрші елдер оларды төзімді және жүрдек деп бағалаған. Теңірлік обасынан табылған, салт аттың суреті салынған алтын қаптырмалардан үйсін аттарының тұқымын білуге болады. Ол бейнеге қарағанда, бұлар ірі де биік, бұлшық етті, басы үлкен, құйрық-жалы өрілген немесе күзелген болып келетін жылқылар. Археологиялық зерттеулерге қарағанда, үйсіндер жартылай отырықшы болғандығы байқалады. Қытайдың қазіргі Іле аймағы, Тянь-Шань тауы сілеміндегі үйсін қабірлері оңнан солға қарай төбе-төбе болып қатарласып тұруы үйсіндердің сол аудандарда көп жыл бойы жартылай отырықшы жағдайда қоныстанғандығын аңғартады. Осындай үйсін қабірлерінің қазба жұмысын жүргізген қытай археологтары үйсін молаларынан жылқы, қой және иттің сүйек-қаңқаларын көп кездестіргендігін мәлімдеген. Біздің отандық археологтарымыз ежелгі үйсіндердің қоныстары мен қабірлерінен табылған мал сүйектерінің қалдықтарына статистикалық талдаулар жасап, үйсіндердің мал түрлігінің жай-күйін айқындап берді. Сондай-ақ олар «Ақтас - 2» (Шығыс Жетісу), «Луговое холм» (Батыс Жетісу) қыстау-қоныстарына жүргізген қазба жұмыстарының нәтижесінде, онда мал өсірумен қатар, жартылай отырықшы шаруашылықтың болғанын анықтады. Үйсін елінде егін шаруашылығы қосалқы шаруашылық ретінде дамыды. Тарихи деректерге қарағанда, үйсін елінде егін шаруашылығы шамамен б.з.д. I ғасырда пайда болған көрінеді. Себебі б.з.д. II ғасырда үйсін еліне келген қытай елшілері: «Үйсіндер ағаш отырғызып, егін екпейді» деп жазып келген болатын. Бірақ үйсін елінің халық жиі қоныстанған аумақтарынан табылған егіншілік құралдары мен дәнді дақыл қалдықтары үйсін елінде белгілі дәрежеде егін шаруашылығы болғандығын көрсетеді. Мысалы, Қытай археологтары Іленің оңтүстік шығысындағы Моңғолкүре

ауданындағы үйсін қабірінен салмағы 3 кг темір соқа тапқан. Міне, бұл сол өңірде үйсіндердің егін еккендігін аңғартады. Ал Қазақстан жеріндегі Ақтас қыстау-қонысынан тас кетпендер және егіп жинау құралы - қола орақ (сынығы), 11 дән үккіш және олардың 15 сынығы табылған. Ақтас қыстау-қонысының төңірегінде суармалы егіншіліктің белгілері байқалады. Мұндай шаруашылықтың іздері тек Ақтас қана емес, Жоңғар Алатауы, Шолақ (Іле аңғарында) және Шу-Іле (Шу аңғары) тау бөктерлері мен қойнауларында және Қырғыз Алатауының (Талас аңғары) солтүстік баурайында да кездеседі екен. Сол кезде үйсіндердің екен дақылдарынан тары мен арпаның қалдықтары табылған. Демек, үйсін елінде белгілі дәрежеде егін шаруашылығы етек алған. Бірақ ол әлеуметтік қосалқы шаруашылық деңгейінде болғандығын атап өткен жөн.

**Қоғамдық қатынастар.** Үйсін елінде мал мен жайылым жерге меншік қатынасы көрініс бере бастады. Сондықтан б.з.д. I ғасырдың соңында үлкен күнби Сыйлыби (Цылими, б.з.д. 33-16 жж.) үйсін елінде заң жариялап: «Халайық баққан жылқысын басқаның табынына түсіруші болмасын, ел ішінде Оңғайби заманындағы тыныштық сақталсын», – деп жарлық шығарған. Міне, бұл заңның дүниеге келуі үйсін елінде мал шаруашылығының айтарлықтай дамығандығын, мал мен жайылым жерге меншіктік қатынастың қалыптаса бастағандығын көрсетеді. Үйсін елінде мал шаруашылығы жетекші орында болды. Ал малы жылдың төрт маусымында жайылымда болды. Сондықтан үйсіндердің малы мен жайылым жері қоғамның негізгі өндіріс құрал-жабдығы болып саналды. Бұл үйсін билеушілері мен жоғары жіктегілерді өздерінің меншігін заң жүзінде қорғауға мәжбүр етті. Мұны халықтың қолындағы мал санының көбейгендігімен де байланыстыруға болады. Б.з.д. I ғасырдың алғашқы жартысында Оңғайби (б.з.д. 93 - 60 жж.), Сыйлыбидің тұсында (б.з.д. 33 - 16 жж.) үйсіндердің мал шаруашылығы қауырт дамып, малының саны өсті. Ежелде үйсіндердің жеке меншігінде болған үй малдарының ішінде жылқы тек байлықтың өлшемі ғана болған. Қой, сиыр, қашар, ешкі ірілі-уақты жеке меншігінде болғаны дауыссыз. Қандай формада болса да – рулық па, қауымдық па, жеке ме – меншіктің болғанының бір белгісі оның ерекше бір белгімен таңбалануы. Сақ-үйсін заманында мұндай белгілері үй малдарына, оның ішінде мініс аттарына салынатын болды. Металл, тас және қыш мөрлердің пайда болуы жеке меншіктің неғұрлым дамыған формасы болғанын көрсетеді. Мөр үйсін қоғамына да тарады. Жетісудағы молаларды (Қараша, Талғар) қазып ашқанда бірнеше балшық мөрлер табылған. Қолөнер кәсібі үйсін қоғамындағы маңызды өндіріс саласы болып табылады. Қазірге дейін Қытайдың Іле аймағынан табылған археологиялық материалдарға қарағанда, үйсіндерде металл қорыту кәсібі б.з.д. I ғасырдан бастап дами бастағандығы

байқалады. Іленің шығысында үйсіндердің ежелгі қабірлерінен табылған пышақ, ара, біз секілді металл құралдардың жасалуы қарабайыр ғана болса да, үйсіндердің орта кезеңіндегі молаларынан табылған металл құралдардың сапасы айтарлықтай. Бұл кезде күнделікті тұрмысқа қажетті пышақ, біз сияқты заттар кең таралуымен қатар, жұмыр пышақ, семсер, соқа, қола біз, қола ыдыс, ұсақ әшекей бұйымдар да жасайтын болған. Қабірдің төрт қабырғасын және ақым ағаштарын мәнерлеу іздерінен балта, күрек, бұрғы қатарлы құралдардың пайдаланылғандығы байқалған. Сонымен бірге, әртүрлі формадағы алтын жалатқан зергерлік бұйымдар, алтын сақина, алтын сырғамен қоса, басқа да алтын бұйымдар жасап қолданғандығы анықталды. Үйсіндер металдан қару-жарақ жасап, пайдаланғандығы белгілі. Ал Қазақстан жеріндегі үйсін қабірлерінен табылған мәдени заттарды жүйелеген отандық археологтар: «Ежелгі үйсіндерде темірден, мыс пен қоладан еңбек құралдары, тұрмыс және тұтыну заттары – балталар мен шоттар, орақ пен пышақтар, қанжар мен жебе ұштары сияқты қару-жарақтар және білездік, сырға қатарлы сәндік заттар жасалды» – деп жазады. Үйсіндерде керамикалық ыдыстар жасау қолөнер кәсібі кең өріс алған. Үйсін қоғамында жүн тоқыма қолөнер кәсібі де айтарлықтай дамыған. Үйсін мемлекеті - б.з.д. II ғасырдың ортасынан VI ғасырға дейін, негізінен, қазіргі Қазақстанның Іле-Жетісу жері, Қырғызстанның Ыстықкөл өлкесінде және Қытайдың Іле аймағында мекендеген байырғы мемлекет. Ол өзінің алғашқы екі жарым ғасырында «Батыс өңірдегі ең күшті мемлекет» дәрежесіне көтерілді. Мемлекеттілігі VI ғасырға дейін жалғасты, халқы жергілікті тұрғын ретінде өз мекенінде өмір сүрді, ақыры Қазақстан жерінде құрылған Түрік қағандығына қосылды. Үйсіндер Қазақстанда мемлекеттіктің алғашқы үлгісін қалыптастырды. Сондай-ақ ол өзінің жеті-сегіз ғасырлық тарихында сақ, ұлы ружы сияқты көптеген ру-тайпаларды өздеріне сіңіріп, өздеріне тән заттық және рухани мәдениет жасады. Дәл осы сақ, үйсіндер қалыптастырған мәдениет негізінде Орталық Азиядағы көшпенді халық - қазақтардың ұлт болып қалыптасу үрдісі басталды. Ол үрдіс ұзаққа созылды, түрік, моңғол дәуірін бастан кешіріп даму арқылы кейін Қазақ хандығының қалыптасуына келіп жалғасты.

**4. Оқытудың техникалық құралдары:** интерактивті тақта, слайдтар, презентациялар.

**5. Лекцияның оқыту әдістері мен түрлері:** проблемалық лекция, проблемалық оқыту технологиясы.

**6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (1-деңгей, 2-деңгей, 3-деңгей сұрақтарымен беріледі) және оларды бағалаудағы ұпайдардың үлестірілуі:**

**1-деңгейдің сұрақтары:**

1. Чжичжи үйсіндерге қарсы кіммен одақ құрды?

2. «Қызыл аңғар қаласы» қайда орналасқан?
3. Үйсін князьдігінің шекарасын анықтаңыз?

### **2-деңгейдің сұрақтары:**

1. Үйсіндер туралы алғашқы мәлімет қашан пайда болды?
2. Қытай императорының сарайынан үйсін князьдігіне елші ретінде кім келді?

### **3-деңгейдің сұрақтары:**

1. Үйсіндерде жекеменшік болғанының белгісі?
2. Қандай қытайлық тарихшылардың еңбектерінде үйсін тайпаларында ақсүйектердің қалыптасқаны туралы ақпарат бар?
3. 21. Үйсін қоғамында құлдық қай түрде дамыды?

**7. СӨЖ және ОСӨЖ тапсырмалары, олардың түрлері мен орындалуына қойылатын ұпайдардың үлестері:** картадан географиялық атауларды іздеп тауып, б.з. 1-3-ғғ. саяси оқиғалардың хронологиясын орнату қажет. Үйсіндердің орналасуы, шарушылық пен мәдениеттің дамуына аса назар аудару. I-III-ғасырлардағы көшпенділердің саяси тарихымен таныса отырып, оқиғалардың хронологиялық кестесін құру қажет.

### **8. Пайдаланылатын әдебиеттер:**

#### **Негізгі әдебиеттер:**

1. История Казахстана. С древнейших времен до наших дней. Т.1 – Алматы, 1996. – 531 с.
2. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата, 1992. – 374 с.
3. Кузенбайұлы А. История Казахстана. – С.-П., 2004. – 420 с.
4. Акишев К.А. Культура саков и усуней долины Или. – А-А., 1981.
5. Кадырбаев М.К. Памятники тасмолинской культуры. – А.А., 1986.
6. Акишев К.А. Курган «Иссык». Искусство саков Казахстана. – М., 1978.
7. Смирнов К.Ф. Савроматы. Ранняя история и культура савромат. – М., 1964.
8. Калыш А.Б. Историческое краеведение Казахстана. 2017.
9. Қартабаева, Е.Т., Мырзабекова, Р.С. Ежелгі дүние тарихы 2014. РМЭБ.

#### **Қосымша әдебиеттер:**

1. Нысанбаев Н.Ә., Нұрмұратов С.Е., ТҒыбитов Х. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) : Монография. 1-том :Қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір 2014. РМЭБ
2. Нұржанов А. Ұлы жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. Алматы: Рауан, 2018.
3. Алан Барнард. Антропология тарихы мен теориясы [оқулық] / А. Барнард; ауд. Ж. Жұмашова, 2018. - 240 б.

**WEB-сайттар тізімі:**

1. <http://e-history.kz/kz>
2. [https://vk.com/history\\_qaz](https://vk.com/history_qaz)